


ISSN 0207 — 5474



Бастауыш

М Е К Т Е П

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ҮРДІСТЕР

Р. ӨМІРТАЕВА,

№ 4 қазақ гимназиясы

Бала тәрбиесі қай заманда, қай қоғам үрдісінде болсын үздіксіз ізденуде ізгі мұрат екені баршаға аян. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлаумен бала бойында үнемі үйретілетін ізеттілік, қайырымдылық, әдептілік, елін-жерін сүйшілік асыл қасиеттері салт-дәстүрден бастау алатыны белгілі. Әр халықтың көне заманнан бері келе жатқан өзіне төн әлеуметтік мәдени мұрасы бар.

Халық педагогикасы — ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты асыл қоры, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде алатын орыны ерекше. Сонымен қатар, қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыс, ертегі, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатады. Осындай асыл қазына — халық төлімінсіз күнделікті өмірде жүзеге асуы мүмкін емес.

Ұлтымыз өз ұрпағын «Балаларға оқу, білім берілсін, Сұлу мінез әр өнермен өрілсін», — деп Ж. Баласағұн айтқандай, еліміздің көк байрағындай көлбепдеп, төуелсіз мемлекетіміздің тізгінін өз қолдарына мықтап ұстайтын азамат тәрбиелеуде, ғасыр бойы пайдаланып келген ауыз әдебиетіміздің асыл иректерін бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану көкейкесті мәселе.

Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканың озық үлгілерінің мүмкіндігі мол, сабақ барысында ұлттық мінез-құлық, әдет-ғұрып негізінде бата, аталы сөздер, тәрбиелік мақсатта мақал-мәтелдерді пайдалану қажет. Қазақ халқы — сөз қадірін біліп, оны қастерлеп, данышпан, ұлы адам сөзін өнеге ретінде өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Ерте кезде мақалсыз, мағынасыз сөйлеген қарияларымыздың сөзінің қадірі болмаған. Мақалдап, мәтелдеп маңызды сөйлеуді — борышым деп санаған.

Мақал-мәтелді әуел баста жеке адамдар шығарған, біреуден-біреу жаттау, ауызекі айта жүріп, өзгеріп жалпы халықтық мұраға айналған, яғни өмірден көрген білгендерінен жасаған ақыл-ой қорытындысы екені мәлім. Оны айтылатын сөзді көркейту үшін емес, көркем шығармаларда көп қолданады. Ақын-жазушылар ғана өз шығармашылығында қолданып қоймайды, әрбір мәдениетті, сауатты адам өмір қайығында заманына қарай оны өндейді, өз жанынан шығарады.

Мысалы: оқу-білім жайында: «Оқу — өмір шырағы, кітап — білім бұлағы» десе, оны «Жыланның күші — тілінде, ғалымның күші — білімде» деген тенеулермен салыстыра қолданады.

Мақал мен мәтелдер — халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан бері келе жатқан көркем жиынтық. Ақылына ақыл, болашағына дұрыс бағыт сілтейтін, өмірдің жағымды-жағымсыз келендерін танытатын өнегелі әсиет айтылған халықтың ұшан-теңіз даналығы сақталған сөз бен ой, тәжірибе елегі. Ал көркем әдебиетті әр сөздің бояуын шешетін, ойдың мағынасын толықтыратын, ұтымды да ықшамды қолданылатын әдемі тұлға. Сондықтан халқымыз «Сөздің көркі — мақал» деп бағалаған.

Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіріп мағына берсе, керісінше,

мәтел — жеке ойды бере алмайды, тек бір ойды, пікірді айқындау қызметін атқарады. Осындай әрқайсысының өз алдына ерекшеліктерін түсінуде этнограф, жазушы В. И. Даль:

«Мақал — халық сөзімен айтқанда — дән, ал мәтел — гүл» деген. Осылайша мақал мен мәтел халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын білдіріп бейнелейтін жанр, яғни ауыз әдебиетінің бір саласы. Ауыз әдебиетінде мақал мен мәтелдің тақырыпқа байланысты араласпайтын жері жоқ. Мақал мен мәтелге жақын жанрлар — шешендік сөздер мен нақыл сөздер. Шешендік пен нақыл сөздердің мазмұны мен мағынасы жағынан өзара ұқсастықтары көп, кейде мақалды мәтелден ажырату қиын.

Мәселен, бір аңызда «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген нақыл сөз мазмұны былай шешілген деседі:

Ертеде бай мен шаруа дос болады. Күндер өткенде екеуі бір болмашы нәрсеге ренжіп, мәмілеге келе алмапты. Өткенін даулап, биге келеді. Екі жақты да тындап болып, би шаруаға:

— Олай болса, атын да, қойын да өзіне қайтар, — дейді.

Сонда шаруа:

— Қазылығыңызға құлдық биеке, бәрі де дұрыс. Ол екеуміз дос болдық қой. Дос, жекжат адамдар бергенін қайтып алған ба? Онда достықтан не пайда, жекжаттықтан не қасиет. Рас, ол маған ат та мінгізді, қой да берді. Бірақ, бұл кісі менен алатынын алып еді ғой, — дейді.

— Сенің ненді алып едім? — дейді бай.

Бесе, немді алмадың? — дейді ашуға булыққан шаруа екі қолын бүйіріне таяп, — Шақшамды алғаның қайда?

Отырғандар шаруаның сөзіне күледі. Би тұрып:

— Ол шақшада не қасиет бар еді? — дейді. Сонда шаруа:

— Шақшам серке мүйізін тақысы еді,

Қозылы қой оның ақысы еді,

Орай салған жезі бар еді,

Тоқсан маржан көзі бар еді.

Жезін орып, ою салған шеберге

Бір тай берілген кезі бар еді.

Шақшамды көрген талайдың,

«Ат пен түйе берсек те,

Алар едік» деген сөзі бар еді.

Сол шақшамды өзіме қайырса,

Мен де алғанымды берейін, — депті.

Би байға:

— Шақшасын беріп, өз бергенінді қайтып ал, — дейді.

— Шақшасын жоғалтып алып едім, — депті бай. Сонда төрелік айтып отырған би:

— Ендеше бұрынғылар айтқан. Сөздің өтірігіне сенбе, өткірлігіне сен деп, шақша жоқ болса, сөз осымен бітті, сөз тапқанға қолқа жоқ дейді. Амалы құрыған бай, сөз таба алмай отырып қалыпты.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген нақыл ел арасына осылай таралыпты.

Осылай ғасырлар бойы жалғасып, көнеден келе жатқан көптеген мақал-мәтелдердің өз алдына, аңызға айналған, тарихи мазмұныны баршылық.

Бастауыш сынып оқулықтарында берілген мақал-мәтелдерді қамтитын тақырыптары төрт түлік туралы, кішіпейілділік пен адамгершілік, еңбек пен кәсіп, өнер мен білім, батырлық пен ерлік, туған жер, ел табиғатына байланысты. Осыған шолу жасасақ:

I-сынып: төрт түлік, кішіпейілділік, еңбек, батырлық, өнер жайында;

II-сынып: төрт түлік, өнер-білім туралы, отан, туған жер, бірлік, еңбек жайында;

III-сынып: адамгершілік, туған ел, еңбек, бірлік, табиғат жайында;

IV-сынып: өнер-білім, ерлік пен батырлық, бірлік, достық, адамгершілік, қасиеттері т.б. туралы бөлімдері қамтылған.

Төрт түлік жайында:

Түйе атасы — нар

Ағаш атасы — шынар.

Сыырдың сүті — тілінде.

Ат — адамның қанаты

Түлік төлден өседі.

Мал өсірсең, қой өсір.

Мал баққанға бітеді.
Өнімі оның көл-көсір.

Мақалдардың түпкі мазмұны қазақ халқының кәсібі мал шаруашылығы болғандығын баяндай отырып, оның өнемді, тиімді жақтары жан-жақты айтылған.

Өнер-білім жайында:

Өнер — білім бұлағы,
Білім — өмір шырағы.

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

Білім таппай, мақтанба
Өнер таппай баптанба. (Абай).

Білекті бірді жығар,
Білімді мынды жығар.

Ақыл — тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен.

Білім жолы қиын жол. Халқымыз ғылым жолының қиындығын «Оқу — инемен құдық қазғандай» деп бағалаған. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні көріп» деп білімді күннің нұрына балаған. «Өнер — бұлақ, білім — шырақ» дей отырып, өнер мен білімді қатар қойған.

Ерлік, бірлік жайында:

Шешен сөз бастар,
Батыр қол бастар.

Батыр туса — ел ырысы,
Жаңбыр жауса — жер ырысы.

Ер жігіт елі үшін туады,
Елі үшін өледі.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

Бірлік — бұзылмас қамал.

Ерлік пен бірлік жеңіске
жеткізеді.

Негізгі мазмұны оқушыларды бірлікке, татулыққа шақыра білсе, ал ерлік жайында халқымыз азаттығы, елдігі үшін, қандай да болса күресте біріге білген. Жауды ерлік жеңбейді, елдік-бірлік жеңеді.

«Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» біріккенде ғана жеңіске жететіндігін мәлімдейді.

Еңбек жайында;

Ердің атын — еңбек шығарады. Не ексең, соны орасың.

Еңбек — адамның екінші анасы.

Еңбектің наны төтті, жалқаудың жаны төтті.

Бұл мақалдың мазмұны оқушыларды тәрбиелеуде еңбек деген не екенін түсіндіріп, оны сүйе білуге, өзге еңбегін қастерлей білуге үйрету. Адамзат тіршілігінде қандай да нәрсе болса, еңбексіз қолға түспейтіндігіне көз жеткізуді көздейді.

Адамгершілік, кішіпейілділік жайында:
Әдептілік белгісі — иіліп сәлем бергені.

«Сіз» деген — әдеп
«Біз» деген — көмек.

Ағаны көріп іні өсер,
Апаны көріп сіңлі өсер.

Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.

Әдепті бала,
Ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала,
Ата-анасын қақсатар.

Ұлтымызда тәлім-тәрбиеге, әдептілікке, адамгершілікке шақыратын айшықты сөздер аз емес. Тәрбиеге қатысты нақыл сөздердің мөнін ашу арқылы оқушыларды осы қасиеттерге үндейді.

Қорытып айта келгенде, оқулықтағы бөлінген тараулардағы мақал-мәтелдерде адамның жан-жақты тәрбие алуына мән берілген. Халқымыз өзінің тәлім-тәрбиесін нақыл сөздер арнасына шеберлікпен сыйғыза білген, яғни осы тұрғыдан алғанда дидактикалық жанрларының бай екені даусыз.

Бұл асыл қазынананың оқу-тәрбие үрдісіндегі мөні зор.